

**1992 жылғы 15 мамырдағы ұжымдық қауіпсіздік туралы шартқа қатысушы мемлекеттер арасындағы Әскери-техникалық ынтымақтастықтың негізгі принциптері туралы келісімді бекіту туралы**

Қазақстан Республикасының Заңы 2001 жылғы 2 сәуір N 174-II.

Мәскеуде 2000 жылғы 20 маусымда жасалған 1992 жылғы 15 мамырдағы ұжымдық қауіпсіздік туралы шартқа қатысушы мемлекеттер арасындағы Әскери-техникалық ынтымақтастықтың негізгі принциптері туралы келісім бекітілсін.

Қазақстан Республикасының

Президенті

**1992 жылғы 15 мамырдағы Ұжымдық қауіпсіздік туралы шартқа  
қатысушы мемлекеттер арасындағы Әскери-техникалық  
ынтымақтастықтың негізгі принциптері туралы  
КЕЛІСІМ**

Бұдан әрі Тараптар деп аталатын 1992 жылғы 15 мамырдағы Ұжымдық қауіпсіздік туралы шартқа қатысушы мемлекеттер,

1992 жылғы 15 мамырдағы Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарттың мақсаттары мен принциптерін басшылыққа ала отырып,

1992 жылғы 15 мамырдағы Ұжымдық қауіпсіздік туралы шартқа қатысушы мемлекеттердің ұжымдық қауіпсіздігі жүйесін қалыптастыруды өзінің іс жүзіндегі ынтымақтастыққа даярлығын қуаттай отырып,

әскери-техникалық ынтымақтастықтың ұжымдық қауіпсіздік жүйесін қалыптастырудың аса маңызды факторлардың бірі деп тани отырып,

1992 жылғы 15 мамырдағы Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарттың ережелерін іс жүзінде іске асыру мақсатында әскери-техникалық ынтымақтастықты ұйымдастыру кезінде Тараптардың арасындағы өзара қарым-қатынастардың негізгі принциптерін белгілеуді мақсат ете отырып,

төмендегілер туралы келісті:

**1-бап**

Осы Келісімнің мақсаттары үшін төменде аталған терминдер мыналарды білдіреді:  
әскери-техникалық ынтымақтастық - әскери мақсаттағы өнімді сыртқа шыгару мен әкелуге, оның ішінде жеткізу мен сатып алуға, сондай-ақ әскери мақсаттағы өнімді өзірлеу мен өндіруге байланысты халықаралық қатынастар саласындағы іс-әрекет;

уәкілетті органдар - ұлттық заңдарда белгіленген, қарауында әскери-техникалық ынтымақтастықты мемлекеттік реттеу мәселелері болатын, мемлекеттік басқару органдары;

әскери-техникалық ынтымақтастық субъектілері - Тараптардың ұлттық заңдарға сәйкес әскери мақсаттағы өнімге қатысты сыртқы сауда қызметін жүзеге асыруға құқық берілген мемлекеттік органдары мен/немесе ұйымдар;

әскери мақсаттағы өнім - қару-жарақ, әскери техника, құжаттама, жұмыстар, қызмет көрсетулер, интеллектуалдық айрықша қызметтер көрсету, интеллектуалдық қызмет нәтижелері, оның ішінде оларға айрықша құқықтар (интеллектуалдық меншік) мен әскери-техникалық саладағы ақпарат, сондай-ақ Тараптардың ұлттық заңдарында, нормативтік құқықтық актілерінде әскери мақсаттағы өнімге жатқызылатын кез келген басқа өнім;

әскери мақсаттағы өнімнің жеңілдікті шарттармен жеткізілімдері - әскери мақсаттағы өнімнің Тараптар әскери-техникалық ынтымақтастығы субъектілері арасындағы келісім-шарттарда белгіленетін және Тараптардың ұлттық қарулы күштері, өзге де әскерлер, әскери құралымдар, құқық қорғау органдары мен арнайы қызметтер өз мүқтаждары үшін сатып алатын әскери мақсаттағы өнімге арналған бағалар негізінде қалыптасатын бағалар бойынша жеткізілімдері.

Әскери мақсаттағы өнім Тараптар қарулы күштерінің қолындағы барынан жеткізілген жағдайда, бағалар оны сақтау, қызмет көрсету, тасымалдау бойынша шығын мен жеткізілімді жүзеге асыруға байланысты басқа да шығыстар ескеріле отырып, оның қалдық құны негізінде есептеледі.

**Ескерту. 1-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2011.10.07 N 481 (Келісімнің 14-бабында көзделген тәртіппен қүшіне енеді) Заңымен.**

## **2-бап**

Егер тиісті халықаралық шарттарда өзгеше көзделмесе, әскери мақсаттағы өнімдерді жеңілдік шарттарымен жеткізуді 1992 жылғы 15 мамырдағы Ұжымдық қауіпсіздік туралы шартты іс жүзінде іске асыру мақсатында олардың ұлттық қарулы күштерінің, өзге де әскерлердің, әскери құралымдардың, құқық қорғау органдары мен арнайы қызметтердің мүддесінде Тараптар жүзеге асырады.

Көрсетілген жеткізілімдер олардың әскери-техникалық ынтымақтастығының субъектілері арасында жасасылған жеке келісім-шарттар (шарттар) бойынша Тараптардың нормативтік-құқықтық актілеріне сәйкес жүргізіледі.

Әскери мақсаттағы өнімнің бағалары әскери мақсаттағы өнімді жеткізетін (жұмыстарды орындайтын, қызметтерді көрсететін) Тараптың ұлттық қарулы күштер, өзге де әскерлер, әскери құралымдар, құқық қорғау органдары мен арнаулы қызметтер өз мүқтаждары үшін сатып алатын әскери мақсаттағы өнімге баға белгілеуді реттейтін ұлттық заңнамасына сәйкес қалыптастырылады.

Егер әскери мақсаттағы өнімді әскери мақсаттағы өнімді жеткізетін Тараптың ұлттық қарулы күштері, өзге де әскерлері, әскери құралымдары, құқық қорғау органдары мен арнаулы қызметтері өз мұқтаждары үшін сатып алмаса, онда әскери-техникалық ынтымақтастық субъектілері оның бағаларын әскери мақсаттағы өнімді жеткізетін Тараптың ұлттық қарулы күштерінің, өзге де әскерлердің, әскери құралымдардың, құқық қорғау органдары мен арнаулы қызметтердің мұддесіне орай жеткізулерді орындау кезінде әскери мақсаттағы өнімге баға белгілеуді регламенттейтін ұлттық заннамасына сәйкес қалыптастырады. Бұл ретте мұндай әскери мақсаттағы өнімді жеткізуғе осы Келісімнің әскери мақсаттағы өнімді жеңілдікті шарттармен жеткізуғе қолданылатын ережелері қолданылады.

Өнімді жеңілдікті шарттармен жеткізетін Тараптың уәкілетті органдары, қажет болған кезде, әскери мақсаттағы өнімді сатып алуға мұдделі Тараптың уәкілетті органдарының сұрау салуы бойынша әскери мақсаттағы өнімді жеткізуғе арналған келісімшарт (шарт) жобасы талаптарының Келісім ережелеріне, оның ішінде баға қалыптастыру жөніндегі ережелерге сәйкестігі туралы жазбаша растауды ұсынады.

**Ескерту. 2-бап жаңа редакцияда - ҚР 2004.12.01 N 1; өзгерістер енгізілді - ҚР 2011.10.07 N 481 (Келісімнің 14-бабында көзделген тәртіппен күшіне енеді); 03.07.2019 № 260-VI (Келісімнің 14-бабында көзделген тәртіппен күшіне енеді) Зандарымен.**

### **3-бап**

Әскери-техникалық ынтымақтастықтың субъектілері осы Келісімге сәйкес әскери мақсаттағы өнімнің жеңілдік шарттарымен жеткізілімдерін жүзеге асыру кезінде, халықаралық сауда тәжірибесінде белгіленген еркін айналыстағы валютадағы және (немесе) Ресей Федерациясының рубліндегі есеп айырысу шарттары мен нысандарын қолданады.

**Ескерту. 3-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2011.10.07 № 2-V (Келісімнің 14-бабында көзделген тәртіппен күшіне енеді) Заңымен.**

### **4-бап**

Әскери мақсаттағы өнімнің жеңілдікті шарттармен өндірісі мен жеткізілімдерін қаржыландыру үшін түсетін аванстық төлемдерге осы Келісімді іске асыру мақсатында қосылған құнға салынатын салық салынбайды.

### **5-бап**

Осы Келісімді іске асыру мақсатында жеңілдікті шарттармен жеткізілетін әскери мақсаттағы өнімді тасымалдау кезінде Тараптар өздерінің қарулы күштеріне арналған әскери мақсаттағы өнімнің осындай тасымалдануы үшін белгіленген, көліктің кез келген түрімен оның тасымалдануы және/немесе транзиті тарифін қоса алғанда, тасымалдау және/немесе транзит шарттарын қолданады.

### **6-бап**

Тараптар әскери мақсаттағы өнімді жеткізетін Тараптың алдын ала жазбаша келісімінсіз шетел мемлекеттеріне, жеке және заңды тұлғаларға немесе халықаралық

ұйымдарға осы Келісімнің 2-бабында көрсетілген келісім-шарттар (шарттар) бойынша жеңілдік шарттарында жеткізілген әскери мақсаттағы өнімді әскери мақсаттағы сатпайды немесе бермейді.

Жеткізуши Тарап осы Келісім шеңберінде жеткізілген әскери мақсаттағы өнімнің нысаналы пайдалануына бақылау жасауға құқылы. Мұндай бақылаудың тетігі осы Келісімнің ажырамас бөлігі болатын жеке Хаттамада анықталады.

Осы баптың ережелерін бұзған Тарап өнімді жеткізген Тарапқа жеткізілген өнімнің бағасы мен осындай өнімнің дүниежүзілік рынокқа жеткізілімдері барысында қалыптасқан бағасының арасындағы айырманы еркін айналыстағы валютамен және (немесе) Ресей Федерациясының рублімен үш ай мерзімде төлейді.

**Ескерту. 6-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2004.12.01 N 1, 2011.10.07 № 2-V (Келісімнің 14-бабында көзделген тәртіппен қүшіне енеді) Зандарымен.**

## **7-бап**

Тараптар осы Келісімді іске асыру барысында алынған, Тараптардың ұлттық зандарына сәйкес мемлекеттік құпия болып табылатын мәліметтерді қорғауды қамтамасыз етеді.

Осы Келісім шеңберінде ынтымақтастық барысында алынған ақпаратты Тараптардың кез келгенінің мұддесіне нұқсан келтіріп пайдалануға болмайды.

## **8-бап**

Тараптар осы Келісім шеңберінде алынған әскери мақсаттағы өнімнің/ақпараттың, сондай-ақ осы Келісім қүшіне енгенге дейін алынған әскери мақсаттағы өнімнің/ақпараттың ішінара да, тұтастай алғанда да интеллектуалдық немесе өнеркәсіптік меншіктің нысаны болуы мүмкін екенін және бұл тұрғыдан оны берген Тараптың айрықша немесе өзге құқығының объектісі болып табылатындығын таниды.

Аталған әскери мақсаттағы өнімді/ақпаратты алған Тарап, оны рұқсатсыз пайдаланған және/немесе Тараптар уәкілдегің береген занды және жеке тұлғалар интеллектуалдық және/немесе өнеркәсіптік меншікке беруші Тараптың келісімінсіз қол жеткізген жағдайында жауапты болады және өз мемлекетінің зандары шеңберінде, сондай-ақ өздері қатысушы болып табылатын халықаралық шарттарға сәйкес оның құқықтық және өзгелей қорғалуының тиісті шараларын қамтамасыз етеді.

## **9-бап**

Тараптардың бірі 1992 жылғы 15 мамырдағы Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарттан шыққан жағдайда, ол осы Келісім шеңберінде әскери мақсаттағы аталған өнімді жеткізіп беруші Тарапқа, оның пайдаланылуының әрбір жылды ішіндегі осы өнімді жеткізуға жасасылған келісім-шарттарда (шарттарда) еркін айырбасталатын валютадағы баламалы сомаларда тіркелген шегерімдерді ұстап қала отырып, әскери мақсаттағы өнім бағасы мен әлемдік рыноктағы әскери мақсаттағы осындай өнімді жеткізу кезінде қалыптасқан баға арасындағы еркін айырбасталатын валютадағы және (немесе) Ресей Федерациясының рубліндегі айырымды өтейді.

Тараптар осы Келісімнің 6-бабында және осы бапта көзделген өтемдерді төлеуге кепілдік береді.

**Ескерту. 9-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2011.10.07 № 2-V (Келісімнің 14-бабында көзделген тәртіппен күшіне енеді) Заңымен.**

## **10-бап**

Тараптардың кез келгені осы Келісімнің ережелерін оның мақсаттарына қол жеткізуге зиян келтіретіндегі бұзған жағдайда, басқа Тараптар Келісімнің немесе оның жекелеген ережелерінің сол Тарапқа қатысты іс-әрекетін тоқтата тұру және оған осы Келісімнің 9-бабында көзделген өтемдерді төлеу туралы шешім қабылдауға құқылы.

Осы Келісімнің ережелерінен туындастырылған жағдайда, соның салдарынан өз мүддесіне зиян келді деп санайтын Тарап өзі мен тиісті Тараптың арасындағы осы Келісімнің іс-әрекетін толық немесе ішінара тоқтата тұру немесе тоқтату туралы мәлімдей алады.

## **11-бап**

Осы Келісімнің ережелерін түсіндіруге және қолдануға қатысты даулар мүдделі Тараптардың арасындағы консультациялар мен келіссөздер арқылы шешіледі. Егер мұндай консультациялар немесе келіссөздердің басталған кезінен 6 (алты) ай ішінде мүдделі Тараптардың арасындағы келіспеушіліктерді реттеудің немесе талаптарды қанағаттандырудың сәті түспеген жағдайда, Тараптар бұл дауды Шартқа қатысушы мемлекеттердің Ұжымдық қауіпсіздік кеңесінің немесе Корғаныс министрлері кеңесінің қарауына береді немесе олар дау шешудің басқа жолы туралы келіседі.

## **12-бап**

Кез келген Тарап шығуынан 6 ай бұрын өзінің ондай ниеті туралы Ұжымдық қауіпсіздік кеңесінің хатшылығына жазбаша хабарлама жіберу арқылы осы Келісімнен шыға алады. Келісім осы Тарапқа қатысты өзінің іс-әрекетін, сондай хабарлама алған күннен бастап 6 айдан кейін тоқтатады.

Осы Келісімнің іс-әрекетін тоқтатуға байланысты туындастырылған барлық даулы мәселелерді Тараптар келіссөздер арқылы реттейтін болады. Бұл ретте осы Келісімнің 6, 7, 8, 9 баптарының ережелері, осы Келісімнің іс-әрекетінің тоқтатылуына байланысты туындастырылған барлық даулы мәселелерді мүдделі Тараптар келіссөздер жолымен реттегенге дейін күшінде қалады.

## **13-бап**

Осы Келісім Тараптардың оның күшіне енуі үшін қажетті мемлекетішілік рәсімдерді орындағанын растайтын төрт жазбаша хабарламаны Ұжымдық қауіпсіздік кеңесінің хатшылығы алған күннен бастап күшіне енеді, ол туралы 1992 жылғы 15 мамырдағы Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарттың барлық қатысушыларын хабардар етеді және аталған Шарттың іс-әрекеті мерзімінің ішінде күшінде болады.

Қажетті мемлекетішілік ресімдерді кейінірек орындаған Тараптар үшін осы Келісім Ұжымдық қауіпсіздік кеңесінің хатшылығына тиісті жазбаша хабарлама тапсырылған күннен бастап күшіне енеді.

#### **14-бап**

Осы Келісімге Тараптардың өзара келісуімен жеке хаттамалармен ресімделетін және осы Келісімнің ажырамас бөліктері болып табылатын өзгерістер мен толықтырулар енгізілуі мүмкін.

Мәскеу қаласында 2000 жылғы 20 маусымда бір тұпнұсқа данада орыс тілінде жасалды. Осы Келісімнің тұпнұсқа данасы 1992 жылғы 15 мамырдағы Ұжымдық қауіпсіздік туралы шартқа қатысушы мемлекеттердің әрқайсынына оның қуәландырылған көшірмесін жіберетін Ұжымдық қауіпсіздік кеңесінің хатшылығында сақталады.

Армения Республикасы үшін Қыргыз Республикасы үшін  
Беларусь Республикасы үшін Ресей Федерациясы үшін  
Қазақстан Республикасы үшін Тәжікстан Республикасы үшін  
Беларусь Тарапының 1992 жылғы 15 мамырдағы Ұжымдық қауіпсіздік туралы шартқа қатысушы мемлекеттер арасындағы Әскери-техникалық ынтымақтастықтың негізгі принциптері туралы келісімге ескертпесі

8-баптың ережесі кеңестік кезеңдегі өнімге қатысты қолданылмайды.

Ұжымдық қауіпсіздік кеңесі бас хатшысының  
ақпараты

Беларусь Республикасының 1992 жылғы 15 мамырдағы Ұжымдық қауіпсіздік туралы шартқа қатысушы мемлекеттер арасындағы Әскери-техникалық ынтымақтастықтың негізгі принциптері туралы келісімге қол қоюы барысында қол жеткізілген Беларусь және Ресей Тараптарының өзара уағдаласуы бойынша Келісімнің 8-бабына қатысты Беларусь Республикасының ескертпесіне қатысты екі тарап сарапшыларының екі жақты консультациялары жүргізілетін болады.